

5) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің

актілерінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының ведомстволары мен ведомстволық қарасты кәсіпорындарының басшыларына қатысты тәртіптік жаза қолданады;»;

10) тармақша алып тасталсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының ведомстволық қарасты кәсіпорындарының жарғыларын, ведомстволық қарасты кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың еңбекақы төлеу қорын және басшыларының лауазымдық жалақысын бекітеді;»;

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы мен оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдар тізбесінде он төртінші, он жетінші және он сегізінші абзацтар а л ы п т а с т а л с ы н ;

2) «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының құрылымы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы № 1167 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 33, 323-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының құрылымында екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

« І ш к і а у д и т б ө л і м і » .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті *Н.Назарбаев*